



QazIndustry

**2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ
ИНДУСТРИЯЛЫҚ
САЯСАТТЫҢ
ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ
2020 жыл

Құрметті оқырмандар мен серіктестер!



2020 жылы индустриалды-инновациялық даму-дың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталды. Алайда сонымен қатар, осы жылдың басында бүкіл әлемді дүр сілкіндірген COVID 19 пандемиясы, әлемдік экономикалардың құлдырауы, карантин шаралары, төмен энергия бағасы және шекара-лардың жабылуы салдарынан қазіргі экономи-калық жағдайға түзетулер енгізіп, алға қойылған міндеттерге кері әсерін тигізуде.

Дәл қазір біз отандық өндірушілерді қолдауымыз керек. Мемлекеттік бағдарла-мада белгіленген мемлекеттік қолдау шараларының жиынтығы коронавирустық инфекцияның зардаптарын жеңуге мүмкіндік береді. Кәсіпорындар жеке қолдау құралдарымен және жиынтық шаралармен қолдана алады. Мемлекеттік бағдар-лама аясында даму институттары кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілік дең-гейін арттыруға әсер ететін қолдаудың тиімді шараларын ұсынады.

Өндірістік кәсіпорындарды дамытуға және қолдауға бағытталған барлық баста-малардың негізінде біздің кәсіпорындардың мүдделері, олардың қажеттіліктері, сұраныстары мен міндеттері жатыр.

Сіздің қолыңыздағы брошюрада Индустрияландыру бағдарламасының негізгі бағыттары мен бизнесті ынталандыру шаралары көрсетілген. Бұл ақпарат Сіз үшін қызықты және пайдалы болады деген үміттемін.

Ізгі ниетпен,
Берік Бекенов

«QazIndustry»

Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ
Басқарма төрағасы

МАЗМҰНЫ

1. ҚАЗАҚСТАНДА ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ 10 ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	6
2. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ	11
3. МЕМЛЕКЕТТІК ҮНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЖҮЙЕЛІК ШАРАЛАРЫ	12
4. 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ	23
ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	23
АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ТАУАРЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	24
АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ КАРТАСЫ	25
5. 2020-2025 ИИДМБ ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ	26
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ШАРАЛАР	26
ЖАҢА ШАРАЛАР	27

«QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ барлық кезеңдерде — технологиялық шешімдер мен жаңа өндіріс желілерінен бастап сертификаттауға, экспорттауға және сандық технологияларды енгізуге дейін өнеркәсіптік кәсіпорындарға көмек көрсететін бірыңғай үйлестіруші болып табылады.

QazIndustry-дің басты мақсаты өңдеуші өнеркәсіп және Қазақстан экономикасының сабақтас салалары кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне жәрдемдесу болып табылады.

Біздің мақсатымыз

- 01** ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДА ӨНДЕЛГЕН ТАУАРЛАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

- 02** САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

- 03** ӨНДЕУШІ СЕКТОРДА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚАТЫСТЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

- 04** ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР АЯСЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕАЭО-ДАҒЫ ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

Біздің қызметтеріміз

01/ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ

ЕАЭО шеңберінде экономика секторларын, жергілікті қамтуды және интеграциялық мәселелерді дамыту саласындағы ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер

Өңірлерді индустриялық-инновациялық дамыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы өнеркәсіптік даму саласындағы консультативтік-кеңесші органның қызметін аналитикалық және сараптамалық қамтамасыз ету

Статистикалық ақпаратқа және мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі деректерге талдау жүргізуді көздейтін индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды басқару

Басым тауарлар мен қызметтердің Бірыңғай картасын әзірлеу және өзектендіру

Индустрияландыру картасын сүйемелдеу

Аумақтық кластерлерді дамыту

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту қызметін үйлестіру

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу

02/ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Еңбек өнімділігін арттыру

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету

Отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға ілгерілету

Қазақстанда индустриялық саясатты жүзеге асырудың 10 жылының қорытындысы

2010 жылдан бастап жүргізіліп жатқан индустриялық-инновациялық дамудың белсенді саясаты экономиканы әртараптандыру процесін іске қосу үшін базалық жағдайлар жасау мүмкіндігін берді.

Экономиканың бірқатар салалары мен секторларының келбеті мен құрылымы түбегейлі өзгерді. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары жаңа өнім түрлерінің өндірісін игерді.

Металлургияда болаттан жасалған дайын бұйымдар (*радиаторлар, ванналар, сым, арқандар, рельстер*) өндірісі пайда болды. Ел ішінде бастапқы алюминийді (*алюминий созба сымын, профильдер, алюминий қорытпалары, дискілер*) қайта өңдеу ұлғайтылды.

Қазақстан әлемдік титан өндірушілерінің тізбегінде ұсынылған. Титан құймалары мен қорытпаларын өндіру жөніндегі зауыттың іске қосылуымен бұрын шығарылмайтын өнім өндірісі басталды.

**Индустрияландыру
Қазақстанда машина жасауда жаңа бағыттар құруға мүмкіндік берді:**

**ІРІ ТЕМІРЖОЛ
МАШИНАЛАРЫН
ЖАСАУ БАҒЫТЫ**
(локомотивтер, жолаушылар вагондары);

**ЗАМАНАУИ МҰНАЙ
ЖӘНЕ ГАЗ МАШИНАЛАРЫН
ЖАСАУ БАҒЫТЫ**
(тиекті арматура, сорғылар);

Индустрияландыру электр техникалық жабдықтардың (*трансформаторлар, басқару қалқандары, автоматты ажыратқыштар*) бәсекеге қабілетті өндірісін қалыптастыруға серпін берді.

Индустрияландыру елдің экономикалық байлығына қол жеткізудің негізгі құралына айналды.

Өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы мемлекеттің таңдап алынған бағыты жүргізілген индустрияландыру бағытының нәтижелерін растайды.

Химия өнеркәсібінде жаңа күрделі өндірістер пайда болды (*натрий цианиді, аммоний сульфаты, экстракциялық фосфор қышқылы, аммофос, азот-фосфор тыңайтқыштары*). Қазіргі таңда қазақстандық аграрлықтардың 80%-ы отандық өніммен қамтамасыз етілген.

Бүгінгі таңда әлемде 131 ел Қазақстанда өндірілген өнімді тұтынады.

Қазақстандық өнімнің негізгі тұтынушылары Қытай, Орталық Азия, ЕАЭО және Еуропалық Одақ елдері болып табылады. Сыртқы нарықтарға шамамен 49 жаңа тауар позициясы шығарылды.

2019 ЖЫЛЫ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚОСЫМША ҚҰНЫ 2015 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

87%-ға

ӨСІП

7,8 трлн теңгеге

ДЕЙІН ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ

2019 ЖЫЛЫ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫНА ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ ӨСТІ

2009 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

2,6 есе және

1 017,1 млрд теңгеге

ДЕЙІН ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ

(2-кесте)

ӨНЕРКӘСІП БӨЛІМІНДЕ ЖҚҚ МАКСИМАЛДЫ ӨСІМІ БАҚЫЛАНАДЫ:

КӨЛІК ҚҰРАСТЫРУДА

5,2 есе

ҚАРА ЖӘНЕ ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ, СОНДАЙ-АҚ МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОТЕХНИКА


2,2 есе өсті

МҰНАЙГАЗХИМИЯСЫНДА

3,3 есе


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖІӨ
2009–2019 жылдары 69 трлн теңге

1 график
трлн теңгемен




НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР
2009–2019 жылдары 8,2 трлн теңге

2 график
млрд теңге



ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЭКСПОРТЫ
2009–2019 жылдары 179 млрд АҚШ. долл

3 график
млрд АҚШ долл.



Өңдеуші өнеркәсіп экспортының көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 26,6%-ға өсті және 15,2 млрд АҚШ долларын құрады (3 график).

Көлемі 1 млн АҚШ доллардан асатын өңдеуші өнеркәсіп экспорты әлемнің 79 еліне жеткізіледі. 13 елдің 100 мыңнан (40 млн теңгеден) 1 млн АҚШ долларға дейінгі экспорты бар және 39 елдің экспорты 100 мың АҚШ доллардан кем.

Соңғы 5 жылда жалпы сомасы \$6 млрд Global-2000/ТҰК-ға енгізілген 28 инвестор тартылды

(құрылыс индустриясына, тамақ өнімдерін өндірудегі, металлургияға, машина жасауға, химия өнеркәсібіне және фармацевтика саласында ірі жобаларды іске асыру үшін)

2019 жылы СЭҚ ТН 10 таңбасында жалпы экспорт номенклатурасы 5 526 тауар позициясын құрады, оның 91%-ы өңдеуші өнеркәсіп тауарлары (5 035 тауар позициясы).


2019 жылы өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі 2009 жылға қарай 4 есеге дерлік өсті және 11,2 трлн теңгені құрады (4 график).

2019 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ БІР АЙДА 1 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖЫЛДАРЫНДА ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ 74 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарынан түсетін салық түсімдерінің көлемі 2009 жылға қарай 3 еседен астам өсті және 1 497 млрд теңгені құрады (5 график).

ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ
2009-2019 жылдары 74 трлн теңге

4 график



СЕКТОРЛАР БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР
2009-2019 жылдары 9 561 млрд АҚШ долл.

5 график
млрд теңге




Салық түсімдерінің жиынтық көлемі 9,6 трлн теңгені құрады. Бүгінде өңдеу өнеркәсібінен түсетін салықтар индустрияландыру саясатын іске асыруға жұмсалатын шығындардан 6,5 есе артық. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарынан түсетін салықтық түсімдер ауыл шаруашылығы, көлік және сауда сияқты салалардан едәуір асып түседі.

2019 жылы өңдеу өнеркәсібінің бір қызметкерінің орташа айлық атаулы жалақысы 2009 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғайып, 209,4 мың теңгені құрады (6 график).

2015-2019 жылдар аралығындағы кезеңде өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қызметкерлерінің табысы азық-түлік, кокс және мұнай өңдеу өнімдері өндірісінде, химия және фармацевтика өнеркәсібінде, металлургияда, автомобиль, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінде орташа есеппен 50%-ға өсті.

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ

6 график
мың теңге



Индустрияландырудың үшінші кезеңі

ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІНІҢ МАҚСАТЫ

ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБИЛЕТТІ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР

ИИДМБ 2020-2025 мақсатына қол жеткізу 5 нысаналы индикатормен өлшенетін болады:

1. Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты өсуі 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есе;
2. Өңдеуші өнеркәсіп экспорты көлемінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда өсімі 1,9 есе;
3. Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлем индексі 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есе;
4. Өңдеу өнеркәсібінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1000 адамға шаққанда 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,5 есе ұлғайту;
5. Экономикалық күрделілік индексіnde (*Гарвард*) 78-ден 55-ке дейін (*деңгей – 0,31 баллдан 0,14 балға дейін*) орын көтерілді.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 1 міндет.** Индустриялық кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру арқылы индустрияландыруды тереңдету;
- 2 міндет.** Ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлардың өндіріс көлемін ұлғайту және номенклатурасын кеңейту;
- 3 міндет.** Базалық өндірістердің дамуын ынталандыру және стратегиялық жобаларды іске асыру арқылы өнеркәсіптік қуаттарды ұлғайту;
- 4 міндет.** Өңдеуші өнеркәсіп салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру.

Мемлекеттік ынталандырудың жүйелік шаралары

ИИДМБ 2020-2025 МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ТАБЫСТЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ЭКСПОРТТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАРЫ ҚҰРЫЛДЫ.

1. ЭКСПОРТТЫ ДАМУҒА ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ



ӨНДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП ӨНІМДЕРІНІҢ ЭКСПОРТЫН ЫНТАЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН КҮШЕЙТУ

ЭКСПОРТТЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Жоғары ведомствоаралық консультативтік орган халықаралық нарықтарда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экспорттық саясаттың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қалыптастырады.

ЭКСПОРТТЫ ДАМУҒА ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жергілікті атқарушы органдардың базасында мемлекеттік ынталандыру шараларын, экспортты қолдаудың тиімді механизмдері мен құралдарын қолдана отырып, экспортты ілгерілету жөніндегі өңірлік үйлестіру орталықтары құрылады. Осылайша қалыптасқан сыртқы экономикалық қызметтің толыққанды өңірлік инфрақұрылымы экспорттаушылар санының және өңделген экспорт көлемінің өсуін қамтамасыз етеді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БРЕНДТЕРДІ ДАМУҒА

Жергілікті атқарушы органдардың базасында мемлекеттік ынталандыру шараларын, экспортты қолдаудың тиімді тетіктері мен құралдарын қолдана отырып, экспортты ілгерілету жөніндегі өңірлік үйлестіру орталықтары қалыптастырылады. Осылайша қалыптастырылған сыртқы экономикалық қызметтің толыққанды өңірлік инфрақұрылымы экспорттаушылар санының және өңделген экспорт көлемінің өсуін қамтамасыз етеді.

01 | НЕСИЕЛЕНДІРУ

«ДАМУ» ҚДҚ МЕН
«ҚДБ» АҚ БАНКАРАЛЫҚ
НЕСИЕЛЕУ



БАЙТЕРЕК

02 | ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ЖАБДЫҚТЫ
ЖАҢАРТУ



Банк развития
Казахстана

03 | ЛИЗИНГТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ӨРТ СӨНДІРУ, САНИТАРИ-
ЯЛЫҚ, ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТ-
ТЕРДІҢ МАШИНАЛАРЫН
ЖАҢАРТУ



БРК-Лизинг
Қазіргі уақытта
АО «Банк Развития Казахстана»

04 | СУБСИДИЯЛАУ МӨЛШЕРЛЕ- МЕЛЕР КЕПІЛДІК БЕРУ

НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ
МӨЛШЕРЛЕМЕСІН СУБСИДИЯЛАУ



ЭКСПОРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және оның еншілес компаниялары несие беру, ұзақ мерзімді қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру, қаржы институттары беретін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, міндеттемелерге кепілдік беру түрінде қаржылық қолдау шараларын ұсыну-ды жалғастыруда.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-тың сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ете отырып, шетелдік сатып алушыларға бәсекелестік қаржыландыруды ұсыну механизмдері пысықталуда.

ЭКСПОРТТАУШЫНЫҢ «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ»

Ұлттық интерактивті ақпараттық ресурс www.export.gov.kz.

Өзекті ақпарат:

- әлеуетті өткізу нарықтары және қол жеткізу шарттары бойынша
- өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспортын мемлекеттік қолдау шаралары

Қазақстандық өңделген өнімді алатын шетелдік сатып алушылар қазақстандық тауарлармен және өндірушілермен танысуға мүмкіндік алады.

2. ТЕХНИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАРДЫ ТӨМЕНДЕТУ



СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ӨЛШЕМ
БІРЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет шет елдердің Техникалық талаптарындағы алшақтықтардан туындайтын кедергілерді жою, сондай-ақ олардың Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестігі тұрғысынан шараларды қолға алуда. Ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде стандарттау жүйелерін жетілдіруге және үйлестіруге, сынақ нәтижелерін және өлшем



бірлігін тануға және ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды қолдану мониторингін жүргізуге баса назар аударылды.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ



ӨЗДЕУШІ ӨНЕРКӘСІПКЕ ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ
ТАРТУДЫ ҰНТАЛАНДЫРУ

Индустриялық-инновациялық даму аясында «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен шағын және орта бизнес арасындағы өндірістік-өткізу байланыстарын дамыту;
- өзінің қаржылық қатысуы және қаржыландыру мөлшерлемесін төмендету бөлігінде Индустрия 4.0 элементтерін енгізе отырып, технологиялық жаңғыртуға бағытталған инвестициялық жобаларға қойылатын талаптарды төмендету;
- Дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия Даму Банкі және т. б. бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыру
- венчурлік қаржыландыруды дамытуды қолдауға бағытталған шараларды қабылдау.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ
АТЫНАН ШЕТЕЛДІК ИНВЕ-
СТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС**

қимыл жөніндегі
бірыңғай ОПЕРАТОР —
«KAZAKH INVEST» Ұлттық
компаниясы.

3. ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

ИИДМБ 2020-2025 келесі іс-шараларды іске асыру арқылы инновациялық жүйені дамытудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу көзделген:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАУ

Технологиялық болжауды инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган кейіннен өзектендіре отырып, бес жылда бір рет тұрақты негізде жүргізеді. Бірыңғай елдік ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты әзірлеу технологиялық болжау нәтижесі болып табылады.

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ КЕШЕНІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫРТУ

«Қазақстан өнеркәсібінің тау-кен металлургия және өңдеу салалары кәсіпорындарын цифрландыруды және ақпараттық-технологиялық дамытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің тау-кен металлургия кешені мен қайта өңдеу салаларын технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесуге бағытталған.

Экономикалық қызметтің өндірістік және жалпы салалық салаларын цифрландыру отандық және шетелдік әдіснамалар мен бағдарламалық-техникалық өнімдерді әзірлеу, жаңғырту және интеграциялау негізінде өнеркәсіптің тау-кен металлургия және өңдеу салаларындағы негізгі және қамтамасыз ететін процестер үшін «IT-тау-кен металлургия кешені» және «IT өңдеу салалары» жоғары деңгейлі ақпараттық-технологиялық платформаларын құру негізінде жүзеге асырылады.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ИИДМБ 2020-2025 инновациялық инфрақұрылым элементтерін, атап айтқанда, құруға ерекше көңіл бөлінеді:

ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ ҚАТЫСТЫРА ОТЫРЫП, ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ

Технологиялар орталықтары Қазақстанда жоғары технологиялық трансұлттық компанияларды оқшаулауды, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін озық сервистік шешімдер мен платформаларды әзірлеуді және технологиялық сараптауды, қазақстандық әзірлеушілер мен кәсіпорындардың мамандарын

оқытуды және құзыреттілігін ұйымдастыруды және дамытуды, өнімдер мен сервистерді сыртқы нарықтарға ілгерілетуді қамтамасыз ету мүмкіндігін береді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІҢ ҚОЛАЙЛЫ ОРТАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

- Назарбаев Университетінің базасында Технопарктегі бизнес-инкубациялау, жобаларды бизнес-акселерациялау және резиденттік құралдарын енгізу арқылы стартап жобаларды қолдау жүйесі іске асырылуда;
- Цифрлық трансформацияның аналитикалық платформасын іске қосу және енгізу.

4. ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫ



АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, КЛАСТЕРЛІК ДАМУ, ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР


«Астана-жаңа қала» АЭА, «Астана – Технополис» АЭА, «Ұлттық өнеркәсіптік мұнай-химия технопаркі» АЭА, «Ақтау теңіз порты» АЭА, «Павлодар» АЭА, «Turkistan» АЭА, «Qyzyljag» АЭА инфрақұрылым құрылысын аяқтау жалғасуда. Индустриялық аймақтардың инженерлік инфрақұрылымның әлеуеті және қосылған құнның жаһандық тізбегіне кіру мүмкіндіктері тұрғысынан салынып, салынып жатқан қазіргі арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін қайта қарау және қайта бағалау жоспарлануда.



АУМАҚТЫҚ КЛАСТЕРЛІК ДАМУ

«QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» 6 аумақтық кластерлерді дамыту процестерін сүйемелдеу жөніндегі жұмысты жалғастырды:

- 6 іріктелген аумақтық кластерге мемлекеттік қолдау көрсету тәртібі әзірленуде;
- кластерді дамытудың стратегиялық бағытын біріктіретін және іске асыратын ұйымдар ретінде кластерлік қауымдастықтарды құру жөніндегі үлгілік құжаттар қалыптастырылуда;
- кластерлік процестің барлық қатысушыларына әдіснамалық және ақпараттық қолдау көрсетіледі;
- өңірлерде кластерлерді анықтаумен немесе сәйкестендірумен және кейіннен ранжирлеумен өңірлер бөлінісінде кластерлік бастамалардың тізілімі қалыптастырылады. Тізілім оқшаулаудың тұрақты беталысын көрсететін кластерлік топтардың қазіргі заманғы жағдайын басып озу мүмкіндігін береді.



АУМАҚТЫҚ КЛАСТЕР ЖОБАЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- кластерге қатысушылардың кооперациясы қолдау және дамыту;
- кластердің адами ресурстарын дамыту;
- ішкі және шетелдік нарықтарда кластер мен кластер өнімдерін ілгерілету;
- кластерді инновациялық-технологиялық дамыту;
- кластердің бизнес-ахуалын және ұжымдық пайдалану инфрақұрылымын құру;
- шығарылатын өнімнің немесе кластер кәсіпорындары ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру.

КЛАСТЕРЛІК САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ

ел экономикасын жаңа технологиялық тұғырнамаға көшіру және өнімділігі, қосылған құны және өнімдер мен қызметтерді қайта бөлу дәрежесі жоғары салаларды қалыптастыру мәселесін шешу.

ӨНЕРКӘСІПТЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Мынадай бағыттар бойынша өнеркәсіпте цифрлық технологияларды енгізуді ынталандырудың мемлекеттік саясатын іске асыру жалғастырылды:

- жүйе құраушы компаниялардың цифрландыру және автоматтандыру жобаларын іске асыруы;
- өнеркәсіпті цифрландыру процесін ынталандыру және мониторингілеу үшін құқықтық жағдайлар мен реттеуді жақсарту;
- жеке компанияларды цифрландыруды ынталандыру шараларымен қолдау арқылы өнеркәсіпте Индустрия 4.0 демонстрациялық жобаларын құру;
- өнеркәсіпте 4.0 Индустрия технологияларын енгізуді мемлекеттік ынталандырудың қолданыстағы қаржы құралдарын өзектендіру және жаңаларын әзірлеу;
- цифрлық трансформацияның аналитикалық платформасын әзірлеу және енгізу.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде міндеттерді іске асыру электрондық өнеркәсіп өндірісін дамытуға бағытталған:

- жүйелер үшін модульдер мен соңғы құрылғылар;
- жоғарыда көрсетілген жүйелердегі заманауи электронды модульдер мен құрылғыларды өндіру үшін пайдаланылатын көп қабатты баспа платалары мен басқа да элементтер.

5. СЫРТҚЫ САУДА ЖӘНЕ ЫҚПАЛДАСТЫҚ САЯСАТЫ



ЕАЭО ЖӘНЕ ДСҰ ШЕҢБЕРІНДЕ САУДА-ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІК ШАРАЛАР

САУДА-ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік сауда-өнеркәсіптік және ықпалдастық саясат Еуразиялық экономикалық Одақ (ЕЭО) шеңберінде ықпалдастық процестерін тереңдетуге және ұлттық мүдделерді сақтауға бағытталған және бірқатар шараларды қамтиды:

- Өңдеуші өнеркәсіптің қазақстандық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігін ескере отырып, қосылған құнның жаһандық мемлекетаралық тізбектері базасында Ұлттық өнеркәсіптік кешендердің кооперация процестерін жүзеге асыру кезінде салмақты саясат жүргізу;
- ЕАЭО және Дүниежүзілік сауда ұйымының құқықтық алаңында болуын ескере отырып, сараланған субсидия саясатын жүргізу;
- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің нарықтарындағы отандық тауарларға қатысты жосықсыз бәсекелестік фактілерінің мониторингі және отандық кәсіпорындар үшін ықтимал әлеуетті тәуекелдерді бағалау негізінде жедел әсер ету;
- ЕАЭО шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастық бағыттарын анықтау.
- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік кооперацияның цифрлық экожүйесін, субконтрактация және технологиялар трансфертін құруға қатысу. Осы жүйені енгізудің әсері өнеркәсіп өнімін әзірлеуге, өндіруге және сервистік қызмет көрсетуге тапсырыстарды орналастыру арқылы отандық кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын оңтайлы жүктеуі тиіс.

ЖҮЙЕЛІК ШАРАЛАР

Еуразиялық экономикалық Одақты (ЕЭО) дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне қайшы келмейтін сауда-өнеркәсіптік және интеграциялық саясат саласындағы жүйелік шаралар:

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ортақ нарығы мен нарықтарына тең қолжетімділікті ескере отырып, ЕАЭО-ға мүше елдердің мемлекеттік сатып алуларына қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- Қазақстан өнеркәсібінің мүдделерін ескере отырып, кедендік-тарифтік саясатты, сондай-ақ еркін сауда аймақтары туралы келісімдер және

ЕАЭО-ның үшінші елдермен өзге де пұрсатты келісімдерді жасасу жөніндегі қызметті жүргізу;

- ЕАЭО шеңберінде сыртқы саудадағы тосқауылдарды жою үшін шешімдер мен ымыраларды іздеу, отандық өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған экспорттаушыларымен олардың нақты қажеттіліктерін анықтау және сыртқы саудадағы тосқауылдарды жою үшін диалог жүргізу;
- тосқауылдарды жою бөлігінде ЕАЭО органдарының соңғы шешімдерін орындамаған жағдайда мүше мемлекеттерге ықпал ету бойынша механизмдерін әзірлеу;
- салаларды жедел дамыту негізінде кооперациялық байланыстарды арттыру;
- қазіргі заманғы сауда инфрақұрылымын, кейіннен ЕАЭО-ның шекара маңындағы нарықтарына шыға отырып, қазақстандық сауда желілерін дамыту.

6. ІШКІ НАРЫҚТЫ ДАМУ



ӨНДІРІСТІ ОҚШАУЛАУ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ДАМУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰРУ АГЛОМЕРАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ

Отандық кәсіпорындардың Елеулі технологиялық артта қалуын еңсеру импортталатын өнімді оқшаулау бойынша бірқатар іс-шараларды іске асырумен қатар жүреді:

- келісімшарттық өндірістерді құру;
- бірлескен өндірістер құру;
- ғылыми-технологиялық базаны, технологиялар трансфертін дамыту және меншікті конструкторлық бюроны қалыптастыру үшін орташа және жоғары бөліністі өнімдерді оқшаулауды қамтамасыз ету.

Қазақстанда өндірістің келесі этапом оқшаулануы трансұлттық компанияларды жергілікті өндірушілермен ынтымақтастыққа қатыстыру процесі болады.

ІШКІ НАРЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАРЫ

Өңдеуші өнеркәсіптің ішкі нарығын дамыту мынадай жүйелі шараларды енгізумен қамтамасыз етіледі:

- отандық өндірушілердің тауарларын сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шарттар мен оффтейк келісімшарттар жасасу, бұл отандық өндірушіні ұзақ мерзімді тапсырыспен қамтамасыз етудің кепілі болады. Ірі жобаларды іске асыру кезінде тапсырыс берушілерге қазақстандық компа-

нияларды серіктестер ретінде қатыстыру бойынша талаптар қойылатын болады. Ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде мәмілелерді сақтандыру механизмін енгізу жоспарланған;

- ірі өндірістердің айналасында технологиялық байланысты және сервистік қызметтер көрсету, жинақтаушы материалдарды шығару және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шағын және орта кәсіпорындар құру жолымен өндірістерді оқшаулауды ынталандыру;
- өнеркәсіп кәсіпорындарына өңірдің кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен жұмыс істеу тұрақтылығына әсер ететін уақытша және/немесе тұрақты жағымсыз факторларды еңсеруге жәрдемдесу мақсатында қолайсыз өңірлерге көмек көрсету;
- ішкі нарықта өндірілетін өнімнің айналымын есепке алу мен бақылаудың алдыңғы қатарлы цифрлық жүйелерін енгізу үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді технологиялық қайта жарақтандыру;
- танымдық теле-, радиобағдарламалар мен интернет-ресурстар арқылы отандық өнімдерді танымал ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ДАМУ ҚЫЗМЕТІ

Жеткізушілерді дамыту қызметі қазақстандық кәсіпорындарға Қазақстан Республикасы экономикасының шикізат және өңдеу секторларының ірі тапсырыс берушілері үшін әлеуетті жеткізуші болуға көмектесу мақсатында «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ базасында құрылған. Қызмет келесі функцияларды жүзеге асырады:

- ірі сатып алушылармен өндірістік-сауда байланыстарын дамытуға жәрдемдесу;
- экспорттаушы кәсіпорындардың шетелдік нарықтарда табысты жұмыс істеуі үшін қажетті арнайы білім мен дағдыларды алуға жәрдемдесу;
- қосылған құны бар өнімдерді жасауға жәрдемдесу;
- ішкі нарықтағы сатып алу процестерінде импортты толықтырушы өндірістерді қорғау.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, Солтүстік Каспий операциялық компаниясы, Теңізшевройл және мұнай-газ саласында тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіретін отандық кәсіпорындар арасында үйлестіру қызметі жүзеге асырылуда:



- машина жасау саласында, сервистік компаниялар саласында жұмыс істеп тұрғандарын дамыту және жаңаларын құру;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар базасын, кадрлық әлеуетті дамыту,
- операторлар мен мұнай-газ компанияларының сатып алу шеңберінде тендерлік рәсімдерді біріздендіру,
- отандық тауар өндірушілердің бірыңғай дерекқорын құру.

Көрсетілген шаралар ішкі нарықта жоғары технологиялық өнімнің болмауы, отандық өнім берушілер мен өндірушілердің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемінің төмен болуы проблемаларын шешуге бағытталған.

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

**ИИДМБ-НЫҢ ҮШІНШІ БЕСЖЫЛДЫҒЫНДА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ТӘСІЛІ ӨЗГЕРТІЛДІ.**

01 ТИІМДІ КӘСІПОРЫНДАР	Жаңа тәсілдеме ішкі нарықты сапалы өніммен толықтыруға және экспортқа шығуға бағытталған өңдеуші сектордың тиімді кәсіпорындарына назар аударуды көздейді
02 КЕШЕНДІ ЫНТАЛАНДЫРУ	Мемлекеттік қолдаудың бытыраңқы құралдарынан өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын дамытуды кешенді ынталандыру жүйесіне көшу.
03 ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	Бизнестің қарсы міндеттемелер мен жауапкершілікті қабылдауы.
04 НАҚТЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ТАУАРЛАР	Салалық қағидаттан нақты артықшылықты тауарларды айқындауға көшу.
05 ҚҰНЫН ЖАҢАНДЫҚ ТІЗБЕКТЕРДЕ ЕНГІЗУ	Жаһандық құнды жасау тізбектеріне белсенді ендіруге назар аудару.

ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2020-2025 жж. ИИДМБ қойылған мақсаттар мен міндеттеріне қол жеткізу мақсатында индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларының жүйесі құрылды. Мемлекет пен бизнестің серіктестігі мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың жаңа тәсілі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шаралары индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындаған қарсы міндеттемелерді орындау талаптарымен беріледі.

Мысалы, «өнеркәсіптік грант» нысанында мемлекеттік қолдау шараларын алу кезінде өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорнының қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнім, оның ішінде жаңасын құру бойынша қарсы міндеттеме қабылдауы міндетті талап болып табылады.

Қарсы міндеттемелерді сапасыз немесе уақтылы орындамаған жағдайда бизнес тарапынан алынған бюджет қаражатының көлеміне мөлшерлес жауапкершілік шаралары көзделген.

Қарсы міндеттемелерді енгізудің нәтижесі өндіріс көлемін ұлғайту, ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар номенклатурасын кеңейту, алынатын мемлекеттік қолдау шараларына байланысты айқындатылатын басқа да көрсеткіштерге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекеттік қаражатты тиімді мақсатты пайдалану және оларды жосықсыз пайдалануға жол бермеу болады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ТАУАРЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Бағдарламаға сәйкес мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде кәсіпорындарды іріктеу (өтінім беру немесе конкурстық) ресурстарды неғұрлым келешекті тауарларға шоғырландыру мақсатында кәсіпорынның жетілу деңгейіне байланысты жүзеге асырылады.

Осы мақсатта индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган халықаралық тәжірибе негізінде жоғары қосылған құны мен өнімдік күрделілігі бар орта және жоғары бөліністергі келешекті тауарлардың тізбесін қалыптастырды.

Бұл тізбе өңдеуші өнеркәсіп салалары мен салаларын қалыптастыратын және ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін және қолдау шараларының шоғырлануын айқындайтын 4 140 басым тауардан тұрады. Тізбеге сәйкес орташа қайта бөлуге жатады 1 626 тауарлар және 2 514-жеңіл және жеңіл химия өнеркәсібі, металлургия, фармацевтика, машина жасау және ағаш өңдеу.

Осы қайта бөлу өнімдерінің негізгі айырмашылықтары өнімнің күрделілігі және оның бастапқы шикізатты пайдалануға тәуелділігі болып табылады. Ұлттық даму институттары өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде осы тізбені басшылыққа алады.

ТӨМЕНГІ БӨЛІНІСТЕР ӨНІМІ	ОРТА БӨЛІНІСТЕР ӨНІМІ	ЖОҒАРҒЫ БӨЛІНІСТЕР ӨНІМІ
<ul style="list-style-type: none"> > бастапқы шикізатты тікелей пайдалану > шикізат бағасы жиі сауда биржаларында қалыптасады және «тұрақсызданады» > өнімнің көлемі мен экспорты сыртқы конъюнктураға байланысты және күйзеліске немесе құлдырауға ұшырайды 	<ul style="list-style-type: none"> > бастапқы материалдарды көп сатылы және жеткілікті терең өңдеу нәтижесі болып табылатын аралық өнімдер > күрделілігі төмен дайын өнімдер > аса тұрақты өндіріс > бастапқы шикізат бағасына тәуелді емес > өнімнің өзіндік құнындағы үлкен үлесті жоғары технологиялар мен ғылыми еңбек алады 	<ul style="list-style-type: none"> > бастапқы материалдарды тереңдете өңдеу нәтижесі болып табылатын дайын тауарлар > тұрақты өндіріс > бастапқы шикізат бағасына төмен тәуелділік > өнімнің өзіндік құнындағы үлкен үлесті жоғары технологиялар мен ғылыми еңбек алады

АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ КАРТАСЫ

Бағдарламаға сәйкес инвестициялар тарту және неғұрлым жоғары қосылған құны бар және неғұрлым көп өнім күрделілігі бар өндірістерді дамыту үшін артықшылықты тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасы пайдаланылатын болады.

Артықшылықты тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасы өңдеуші өнеркәсіптегі ірі, капиталды қажетсінетін жобаларды іске асыру мақсатында инвестициялар тарту тұрғысынан келешекті тауарлардың тізбесін білдіреді.



2020-2025 ИИДМБ ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ШАРАЛАР

ИИДМБ 2020-2025 сәйкес сабақтастықты сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексте (*бұдан әрі – ҚР КК*) көзделген мемлекеттік қолдаудың барлық тікелей шараларын (*бұдан әрі – МҚШ*), сондай-ақ мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілетті субъектілер (*мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық даму институттары*) ұсынатын басқа да шараларды қолдану тәжірибесі жалғастырылады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін тікелей МҚШ жүйесі орта және жоғары технологиялық өнімді өндіретін және экспорттайтын жаңа кәсіпорындардың пайда болуына ықпал ететіндей және сол арқылы отандық кәсіпорындардың әлемдік нарықтардағы сапалы «серпілісіне» және тиімді бәсекелестігіне ықпал ететіндей етіп құрылған.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын тікелей ынталандыру кәсіпорындарды дамытудың барлық кезеңдерінде ісін жаңа бастаған кәсіпорыннан табысты кәсіпорынға дейін жүзеге асырылатын болады. Бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың сыни массасын қалыптастыру арқылы олардың табиғи дамуын және бәсекелестікті ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Индустриялық-инновациялық қызметке МҚШ заңнамалық деңгейде ҚР КК және тікелей реттеудің өзге де заңнамалық актілерімен анықталады. Бүгінгі күні ҚР КК 257-бабына сәйкес индустриялық-инновациялық қызметке МҚШ 15 түрі анықталды, сондай-ақ бағдарламаның жаңа құралдарын бекіту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан басқа, бағдарламаға сәйкес өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының индустриялық-инновациялық қызметке МҚШ-ның жеке құрамдастырылған пакетін кәсіпорын мен уәкілетті орган арасында 5 жылдан астам мерзімге бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасасу арқылы алу мүмкіндігі көзделеді. Келісіммен бекітілетін болады:

- кәсіпорынға индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты мен ұлттық басқарушы холдинг беретін тікелей МҚШ-ның жеке құрамдастырылған пакеті;
- кәсіпорынның қарсы міндеттемелері және қабылданған қарсы міндеттемелерді сапасыз немесе уақтылы орындамағаны үшін кәсіпорынның жауапкершілігі.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы Келісім шеңберінде МҚШ алуға дайын кәсіпорындар үшін іріктеудің конкурстық қағидаты ғана қолданылатын болады.

ЖАҢА ШАРАЛАР

2020-2025 ИИДМБ индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың кәсіпорындар өндірісінің көлемін ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірістік процестерді жаңғыртуға және сыртқы нарықтарға шығуға бағытталған жаңа шаралары әзірленді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдаудың барлық жаңа шаралары бекітудің соңғы сатысынан өтуде.

«Өсу драйверлері» нысаналы тобының кәсіпорындары үшін технологиялық жабдықты жаңғыртуға және қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнім өндіруге бағытталған мемлекеттік қолдау құралы — өнеркәсіптік грант қолжетімді болады.

ШЫҒЫСТАРДЫҢ БАҒЫТТАЛУЫ:

- технологиялық жабдықтар паркін жаңарту үшін жаңа жабдықтарды сатып алу және игеру;
- озық технологиялар трансферті арқылы жаңа технологияны жетілдіру және/немесе енгізу,
- жаңа өндірісті құру үшін технологиялық желіні сатып алу;
- өндірістің технологиялық процестерін автоматтандыру және/немесе диспетчерлендіру.

Отандық тауарлар экспортын ілгерілету мақсатында «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы «АҚ ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде «Экспорттық акселерация» сервистік қолдауды жүзеге асырады. Бағдарлама кәсіпорындарды диагностикалауды, коучингті, консалтингті, техникалық сүйемелдеуді, имидждік сүйемелдеуді және сыртқы нарықтарда серіктестерді іздестіруді көздейді. www.export.gov.kz

ӨНЕРКӘСІПТІК ГРАНТ

Бұл индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін өңдеуші өнеркәсіптің индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін бірлесіп қаржыландыру шартымен берілетін бюджет қаражаты.

Кәсіпорындар тарапынан инновацияларға сұранысты ынталандыру және отандық технологиялық шешімдерді ішкі нарықта ілгерілету мақсатында «QazTechVentures» АҚ жобаны қаржыландыру және шығындардың бір бөлігін өтеу арқылы Инновациялық ваучер – мемлекеттік қолдау шарасын көрсететін болады. Инновациялық ваучер шеңберінде өнімді инновацияларды енгізумен және процестік инновацияларды енгізумен шектелмей, мақсатпен көрсетілетін инженерлік-консультациялық және жобалық қызметтер көрсетілетін болады www.qaztech.vc

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ НЫСАНАЛЫ ТОПТАРЫ

Отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ИИДМБ 2020-2025 мемлекеттік қолдаудың тиімділігіне қол жеткізу мақсатында ынталандыру құралдарын ұсыну бойынша сараланған тәсілдеме қолданылады. Осы тәсілдемеге сәйкес өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының даму деңгейіне байланысты шартты түрде 4 нысаналы топқа бөлінген: «Жаңа индустриялық ойыншылар», «Мықты тыл», «Өсу драйверлері» және «Ауырлық орталықтары».

I ТОП. «ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛЫҚ ОЙЫНШЫЛАР»	
Кім	Өңдеуші өнеркәсіпте және аралас қызметтерде қызметін жүзеге асыратын ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер.
Шарттар	Экономикалық және кәсіпкерлік мәдениет деңгейін арттыруға, еңбек өнімділігінің өсуіне және халықаралық нарықтарға шығуға ықпал ететін кәсіпорындар.
Мемлекеттік қолдау шаралары	<ul style="list-style-type: none"> > Сервистік қолдау, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте 100 индустриялық бизнес-идея әзірлеу; > «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының желісі бойынша тікелей инвестициялар қорын құру арқылы ұзақ мерзімді жеңілдікті үлестік қаржыландыру (10 жылға дейін); > Венчурлік қаржыландыру; > Жеткізушілердің экспортқа бағытталған жоғары технологиялық сегментін құру мақсатында компанияларды акселерациялау және бизнес-инкубациялау бағдарламалары; > Инновациялық технологияларды корпоративтік секторға интеграциялау, корпорацияларды бірлесіп қаржыландыру шартымен корпоративтік R&D зертханаларын құру мақсатында корпоративтік акселерациялау бағдарламасы; > Технологиялық дамуға, оның ішінде Индустрия 4.0. технологияларын енгізуге арналған инновациялық ваучер

II ТОП. «МЫҚТЫ ТЫЛ»	
Кім	Ішкі нарықта қызметін жүзеге асыратын және тұрақты салық төлемдері бар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар.
Шарттар	Номенклатураны кеңейту, қосылған құнды ұлғайту және халық тұтынатын тауарларды қоса алғанда, қазақстандық өндіріс өнімдерінің сапасын арттыру.
Мемлекеттік қолдау шаралары	<p>«Мықты тыл» тобының кәсіпорындары «жаңа индустриялық ойыншылар» тобы үшін көзделген мемлекеттік қолдау шараларын, сондай-ақ қосымша шараларды алуға құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> > Сәйкестендіру құралдарын немесе материалдық жеткізгіштерді салу үшін жабдықтарды сатып алуға және сәйкестендіру құралдарын (<i>қолданыстағы құрал-сайман</i>) сатып алуға арналған шығындарды өтеу; > Экспорттық әлеуетті ынталандыру; > Екінші деңгейлі банктер импорттаушылардың қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау; > Экспортты ілгерілету саласында маркетингтік зерттеулер жүргізуді ынталандыру; > Қазақстандық брендтерді ілгерілету, акселерациялау бағдарламасын іске асыру; > Сыртқы экономикалық қызмет мәселелері бойынша оқыту; > Негізгі шарты «Мықты тыл» кәсіпорындарының жаңа өткізу нарықта-рын игеруі болатын, Бәсекелестікті арттыру туралы келісімді жасасу.

III ТОП. «ӨСУ ДРАЙВЕРЛЕРІ»	
Кім	Тұрақты валюталық табысы бар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар.
Шарттар	Экспортталатын тауарлардың номенклатурасын кеңейту және экспорттық қоржынның технологиялық «күрделілігін» арттыру.
Мемлекеттік қолдау шаралары	<p>Осы нысаналы Топтың кәсіпорындары «Жаңа индустриялық ойыншылар» және «Мықты тыл» нысаналы топтары үшін көзделген қолдау шараларын алуға, сондай-ақ мемлекеттік ынталандырудың жаңа шараларына құқығы бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> > Өнеркәсіптік грант; > Шетелдік сатып алушыларға тікелей несие беру; > Экспортты ілгерілету бойынша маркетингтік зерттеулерге жұмсалған шығындарды өтеу; > Өнімді сыртқы нарықтарда ілгерілету үшін халықаралық делдалдар мен дистрибьютерлерді қатыстыруға арналған шығындарды өтеу; > Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасау. <p>Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім шеңберінде «Өсу драйверлері» тобының кәсіпорындары үшін шаралардың екі пакеті көзделген: стандартты және кешенді.</p> <p>Стандартты пакет 4 және 5 қайта бөліністі өнім өндіретін немесе өндіруді жоспарлап отырған кәсіпорындарға стандартты шарттарда қаржылық емес және қаржылық шараларды ұсынуды қамтиды.</p> <p>Ұлттық басқарушы холдинг желісі бойынша кешенді қолдау қаржы құралдарын, сондай-ақ институционалдық және консалтингтік қолдауды қамтиды.</p>

IV ТОП. «АУЫРЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ»

Кім	Трансұлттық компаниялармен немесе капиталдағы ірі шетелдік инвестициялармен бірлескен жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты стратегиялық жобалары бар өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы жоғары технологиялық кәсіпорындар.
Мақсаты	Қазақстан Республикасында баламасы жоқ өнім өндірісін игеру, инвестициялар тарту жолымен шикізатты қайта өңдеуді тереңдету, технологиялар мен құзыреттер трансферті, қосылған құнның жаһандық тізбектеріне кірістіру.
Мемлекеттік қолдау шаралары	Біріктірілген шаралар пакеті.

Біріктірілген шаралар пакетін ұсыну шарттары мен механизмін бизнестің және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссиясы айқындайды. Мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы және жаңа шаралары 1-қосымшада көзделген.

ӨНДЕУ СЕКТОРЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҮНГІТІЛДІНДІРУ ШАРАЛАРЫ

1 ҚОСЫМША

ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІС



ТИМІДІ
ӨНДІРІС



ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯ-
ЛЫҚ ӨНДІРІС



ІШКІ
НАРЫҚ



ӨНІМ
ЭКСПОРТЫ

НАРЫҚТЫ ЖЫЛЖЫТУ

«Даму» ҚДҚ» АҚ ЕДБ несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялайды	«ИТТО» АҚ Инновациялық гранттар	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарды өтеу	«ҚДБ» АҚ Экспортқа дейінгі және экспорттық қаржыландыру
«Даму» ҚДҚ» АҚ несиелері бойынша кепілдік	«QazTechVentures» АҚ Бизнес-инкубация қызметін бірлесіп қаржыландыру	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Өнімді танбаларға кеткен шығындарды өтеу (жардык, жанасу)	«ҚазақЭкспорт» АҚ Экспорттаушыларды қолдау (сактандыру, айналым капиталын толықтыруды қаржыландыру)
«ҚДБ» АҚ Жобаны қаржыландыру	«QazTechVentures» АҚ Жобалар мен кәсіпорындарға сараптамалық және технологиялық қолдау	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Клиникалық және клиникаға дейінгі зерттеулер үшін шығындарды өтеу	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Отандық өңделген тауарларды сыртқы нарыққа жылжыту шығындарын өтеу
«БРК Лизинг» АҚ Лизингтік қаржыландыру	«QazTechVentures» АҚ Инновациялық вәучерлер	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Ішкі нарықта жүккерді тасымалдауға байланысты шығындардың бір бөлігін өтеу	«СҚО» «QazTrade» Экспортты жөделдету бағдарламасы
«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ еңбек өнімділігін жоғарылату шығындарын өтеу	«Байтерек» ҰБХ» АҚ Ұлттық чемпиондардың бәсекеге қабілеттілігі бағдарламасы	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Қазақстандық брендтер бағдарламасын дамыту	
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Үлестік қаржыландыру	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Ұлттық чемпиондардың бәсекеге қабілеттілігі бағдарламасы	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Қазақстандық брендтер бағдарламасын дамыту	
ҚР ҰҚП «Атамекен» ҰҚП Сервистік қолдау (100 бизнес-идея)	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Ұлттық чемпиондардың бәсекеге қабілеттілігі бағдарламасы	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Тауарларды сыртқы нарыққа жылжыту үшін коммерциялық емес ұйымдарды тарту	
«QazIndustria» ҚИЭО АҚ Өнеркәсіптік грант	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Ұлттық чемпиондардың бәсекеге қабілеттілігі бағдарламасы	«QazIndustria» ҚИЭО» АҚ Тауарларды сыртқы нарыққа жылжыту үшін коммерциялық емес ұйымдарды тарту	

АТЫМДАҒЫ ШАРАЛАР
ЖАҢА ШАРАЛАР

ЕРЕКЕЛЕР ЖОБАСЫ ЗАЙРЛЕНДІ
ЕРЕКЕЛЕР ЖОБАСЫ ЗАЙРЛЕНДІ
ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚ
АКТИВЕРМЕН ТІРКЕУ
КК ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

**2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ
ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ
ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ**



Мекен жайы:

«QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ

Тел.: +7 (7172) 79 33 99

Қабылдау бөлмесі: +7 (7172) 79 33 99 (ішкі: 111)

E-mail: info@qazindustry.gov.kz

www.qazindustry.gov.kz